

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 24 желтоқсан N 1360

Ақмола облысының аумағында ірі ауқымды табиғи өрттерден зардап шеккен тұрғындарға көмек көрсету, шаруашылық жүргізу объектілерінің тіршілігін қалпына келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ақмола облысының әкіміне облыс аумағында ірі ауқымды табиғи өрттерді жою кезінде келтірілген шығындардың орнын толтыруға 2002 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 99800000 (тоқсан тоғыз миллион сегіз жүз мың) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Ақмола облысының әкімі Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігіне орындалған жұмыстардың көлемдері мен құны туралы есеп берсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі